

## Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартты бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 21 қаңтардағы № 20/40 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 21 мамырда № 9439 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 20 желтоқсандағы № 393 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 20.12.2020 № 393 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

2007 жылғы 15 мамырдағы Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 138-5 бабының 3 тармағына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 сәуірдегі "Кәсіптік стандарттарды әзірлеуге 2013 жылға қаражат бөлу және оны пайдалану қағидаларын бекіту туралы" № 406 қаулысына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН** :

1. Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандарт бекітілсін.
2. Қайта өңдеу және аграрлық азық-түлік нарығы департаменті (А.Б. Құсайынова) Қазақстан Республикасының заңнамасында бекітілген тәртіппен кәсіби стандартты енгізуге шаралар қабылдасын.
3. Әлеуметтік саясат басқармасы (С.С. Лепешко) осы бұйрықты заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын қамтамасыз етсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Әлеуметтік саясат басқармасына (С.С. Лепешко) жүктелсін.
5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр  
Келісілген  
Қазақстан Республикасы  
Еңбек және халықты  
әлеуметтік қорғау министрі  
Т. Дүйсенова  
2014 жылғы 7 сәуір

А.Мамытбеков

## **Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандарты**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандарт (бұдан әрі - КС):

1) кәсіби білім беру мен еңбек салалары арасындағы қарым-қатынасты реттеуге;

2) кәсіби қайта даярлау мен біліктілігін көтеруді дайындау бағдарламаларын әзірлеу талаптарының мерзімін белгілеуге;

3) аттестациялау мен сертификаттауда қызметкерлердің құзыреттілігін бағалау талаптарының мерзімін белгілеуге;

4) кәсіби қызметтің мәніне бірыңғай талаптар әзірлеуге, еңбек нарығының заманауи талаптарына жауап беретін біліктілік талаптарын жаңартуға;

5) персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге;

6) білім беру стандарттарын, оқу жоспарларын, модульдік оқу бағдарламаларын әзірлеу, сондай-ақ тиісті оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеуге;

7) кәсіби даярлығын бағалаудан өткізу және мамандар біліктіліктерінің сәйкестіктерін растауға арналған.

2. КС негізгі пайдаланушылары:

1) білім беру мекемелері түлектері, жұмысшылар;

2) ұйымдардың басшылары мен жұмысшылары, ұйымдардың персоналды басқару бөлімшелерінің басшылары мен мамандары;

3) білім беру бағдарламаларын әзірлейтін мамандар;

4) мамандардың кәсіби даярлығын бағалау және біліктігіне сәйкестігін растау саласындағы мамандар.

3. КС негізінде кәсіпорындар қызметінің функционалдық үлгілеріне, лауазымына, қызметкерлердің біліктілігін арттыру, аттестациядан өткізу, еңбекке ынталандыру жүйесіне ішкі, корпоративті стандарттар және басқалар әзірленуі мүмкін.

4. Осы КС-да төмендегі терминдер мен анықтамалар қолданылады:

1) біліктілік – жұмысшының еңбек қызметінің нақты түрін орындауға кәсіби дайындық дәрежесі;

2) біліктілік деңгейі\білікті деңгейі – атқарылатын жұмыстардың күрделілігі, дербестігі мен жауаптылығы көрінетін қызметкердің біліктілігіне ( құзыреттілігіне) қойылатын талаптар деңгейі;

3) еңбек мәні - белгілі бір еңбек құралдарының көмегімен өнім жасау мақсатында қызметкердің іс-қимылы бағытталатын зат;

4) еңбек құралы – қызметкердің еңбек мәнін бастапқы күйден өнімге айналдыру үшін пайдаланатын құралдары;

5) еңбек қызметінің түрі – еңбек функцияларының тұтас жиынтығымен және оларды орындау үшін қажетті құзыреттілікпен құрылған кәсіби қызмет саласындағы құрамдас бөлік;

6) еңбек функциясы – бизнес-процеспен анықталатын және олардың еңбек қызметінің нақты түрінің шеңберінде орындалуы үшін тиісті құзыреттіліктің болуын көздейтін еңбек әрекеттерінің интеграцияланған және тиісінше автономды жиынтығы;

7) кәсіби қызмет саласы – ортақ интеграцияланған негізі (ұқсас және жуық мәндер, объектілер, технологиялар, соның ішінде еңбек құралдары) және еңбек функцияларының ұқсас жиынтығын және оларды орындау үшін құзыреттілікті көздейтін саланың еңбек қызметі түрлерінің жиынтығы;

8) КС – нақты кәсіби қызмет саласындағы еңбек сапасы мен жағдайы, біліктілігі, құзыреттілігі, мазмұны деңгейіне қойылатын талаптарды айқындайтын стандарт;

9) КС бірлігі – осы қызмет түрі үшін тұтас, аяқталған, тиісінше автономды және маңызды болып табылатын нақты еңбек функциясының ашық сипаттамасынан тұратын КС құрылымдық элементі;

10) кәсіп – арнайы дайындықтың, жұмыс тәжірибесінің нәтижесінде пайда болған арнайы білімді, ептілікті және практикалық дағдыларды талап ететін және білімі туралы тиісті құжаттармен нақтыланатын адамның еңбек қызметінің негізгі түрі;

11) құзыреттілік – қызметкердің кәсіби қызметте білімін және іскерлігін қолдану қаблеті;

12) лауазым – лауазымдық өкілеттіктер мен лауазымдық міндеттер шеңбері жүктелген жұмыс берушінің құрылымдық бірлігі;

13) міндет – нақты бір еңбек мәндері мен құралдарын пайдалана отырып еңбек функциясын іске асырумен және нәтижеге қол жеткізумен байланысты іс-қимыл жиынтығы;

14) сала – шығарылатын өнімнің, өндіріс технологиясының, негізгі қорлар мен жұмыс істейтіндердің кәсіби дағдыларының жалпылығы тән кәсіпорындар мен ұйымдардың жиынтығы;

15) салалық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - СБШ) – салада құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

16) ұлттық біліктілік шеңбері (бұдан әрі - ҰБШ) – еңбек нарығында құпталатын біліктілік деңгейлерінің құрылымдалған сипаттамасы;

17) функционалдык карта – әр түрлі кәсіби қызметтер саласының шеңберінде белгіленген, қызметкер орындайтын еңбек қызметінің түрінің еңбек функциялары мен кәсіби міндеттерінің құрылымданған сипаттамасы.

## **2. КС паспорты**

5. Экономикалық қызмет түрі (кәсіби қызмет саласы) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жіктеушісі 03- 2007: 10.81 Қант өндірісі.

6. Экономикалық қызмет түрінің негізгі мақсаты: өндірістік тәуелсіздік, бұл ретте өндірістік тауарлардың нақты қолжетімділігі отандық өндіріс есебінен жүргізіледі және бәсекеге қабілетті ауылшаруашылық өнімдерін және оны қайта өңдеу өнімдерін өндіру үшін экономикалық жағдай жасалады.

КС кәсіби қызмет саласында еңбек мәніне, сапасына, жағдайына және қызметкерлердің біліктілігі мен құзыреттілігіне қойылатын талаптарды белгілейді.

7. Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері осы КС 1-қосымшасында берілген.

Стандарт талаптары қызмет түрлеріне және осы саланың төмендегі кәсіптеріне жатады:

- қызылша кесуші;
- қантты тұндырушы;
- утифельді қайнату аппаратшысы;
- диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы;
- қант өндірісінде пульспен басқару операторы;
- ионитті қондырғылар операторы;
- сынама іріктеу қондырғыларының операторы;

## **3. Еңбек қызметі (кәсіп) түрлерінің карточкасы**

### **1-параграф. Қызылша кесуші**

8. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

9. Лауазымның мүмкін атаулары: қызылша кесуші.

10. "Қызылша кесуші" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қызылша кескіште қызылша кесу.

11. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 2-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

12. Қызылша кесушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

13. Қызылша кесуші орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 2-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

14. Қызылша кесуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 2-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

15. Қызылша кесушінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 2-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

## **2-параграф. Қантты тұндырушы**

16. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-3.

17. Лауазымның мүмкін атаулары: қантты тұндырушы.

18. "Қантты тұндырушы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: қант-құмшекер өндірісінде тұндыру үрдісін дайындауды жүргізу.

19. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 3-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

20. Қантты тұндырушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

21. Қантты тұндырушы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 3-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

22. Қантты тұндырушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 3-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

23. Қантты тұндырушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 3-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

## **3-параграф. Утфелді қайнату аппаратшысы**

24. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 2-4.

25. Лауазымның мүмкін атаулары: утфелді қайнату аппаратшысы.

26. "Утфелді қайнату аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: утфелді қайнату жұмыстарын орындау.

27. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 4-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

28. Утфелді қайнату аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

29. Утфелді қайнату аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 4-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

30. Утфелді қайнату аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 4-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

31. Утфелді қайнату аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 4-қосымшасының 5, 6, 7-кестелерінде көрсетілген.

#### **4-параграф. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы**

32. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

33. Лауазымның мүмкін атаулары: диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы.

34. "Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: диффузионды шырынды сатурациялау үрдісін жүргізу

35. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 5-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

36. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

37. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 5-қосымшасының 3-кестесінде көрсетілген.

38. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 5-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

39. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 5-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

#### **5-параграф. Қант өндірісінде пультпен басқару операторы**

40. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3-4.

41. Лауазымның мүмкін атаулары: қант өндірісінде пультпен басқару операторы.

42. "Қант өндірісінде пультпен басқару операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге

міндеттейді: қант өндірісінің барлық учаскелерінің жұмыстарын үйлестіру және технологиялық үрдістердің барлық кезеңдеріне басшылық.

43. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 6-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

44. Қант өндірісінде пультпен басқару операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 6-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

45. Қант өндірісінде пультпен басқару операторы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 6-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

46. Қант өндірісінде пультпен басқару операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 6-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

47. Қант өндірісінде пультпен басқару операторының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 10-қосымшасының 5, 6-кестелерінде көрсетілген.

## **6-параграф. Ионитті қондырғылар операторы**

48. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

49. Лауазымның мүмкін атаулары: ионитті қондырғылар операторы.

50. "Ионитті қондырғылар операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: екінші сатурациялаудан өткен диффузионды шырынды, шәрбат пен ағындарды ионды тазалау үрдісін жүргізу.

51. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 7-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

52. Ионитті қондырғылар операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

53. Ионитті қондырғылар операторы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 7-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

54. Ионитті қондырғылар операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 7-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

55. Ионитті қондырғылар операторының құзыреттілігіне қойылатын талаптар осы КС 7-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

## **7-параграф. Сынама іріктеу қондырғыларының операторы**

56. СБШ бойынша біліктілік деңгейі – 3.

57. Лауазымның мүмкін атаулары: сынама іріктеу қондырғыларының операторы.

58. "Сынама іріктеу қондырғыларының операторы" кәсібі субъектінің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты міндеттерді білуге және атқара білуге міндеттейді: сынама іріктеу қондырғыларының негізгі және көмекші механизмдеріне қызмет көрсету.

59. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы осы КС 8-қосымшасының 1-кестесінде көрсетілген.

60. Сынама іріктеу қондырғыларының операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 2-кестесінде көрсетілген.

61. Сынама іріктеу қондырғыларының операторы орындайтын еңбек функцияларын айқындайтын КС бірліктерінің тізбесі осы КС 8-қосымшаның 3-кестесінде көрсетілген.

62. Сынама іріктеу қондырғыларының операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы және еңбек әрекеттері осы КС 8-қосымшасының 4-кестесінде көрсетілген.

63. Сынама іріктеу қондырғыларының операторының құзыреттіліктеріне қойылатын талаптар осы КС 8-қосымшасының 5-кестесінде көрсетілген.

#### 4. КС әзірлеушілері

64. КС әзірлеушісі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі болып табылады.

65. Келісу парағы, КС сараптамасы мен тіркелуі осы КС 9-қосымшасында көрсетілген.

Қант өндіру бойынша қызметтегі  
кәсіби стандартының  
1-қосымшасы

#### Қызмет түрлері, кәсіптер, біліктілік деңгейлері

№ р/с	Қызмет түрі атауы	Еңбек нарығы тенденцияларын есепке алғандағы кәсіп атауы	01-2005 Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуішісіне сәйкес кәсіптер атауы	С Б Ш біліктілік деңгейлері
1.	Қант өндірісі	Қызылша кесуші	Қызылша кесуші	2-3
2.	Қант өндірісі	Қантты тұндырушы	Қантты тұндырушы	2-3
3.	Қант өндірісі	Утфелді қайнату аппаратшысы	Утфелді қайнату аппаратшысы	2-4



4.	Қант өндірісі	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы	3-4
5.	Қант өндірісі	Қант өндірісінде пульспен басқару операторы	Қант өндірісінде пульспен басқару операторы	3-4
6.	Қант өндірісі	Ионитті қондырғылар операторы	Ионитті қондырғылар операторы	3
7.	Қант өндірісі	Сынама іріктеу қондырғыларының операторы	Сынама іріктеу қондырғыларының операторы	3

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 2-қосымшасы

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7412 Қызылша кесуші
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51- шығарылым, тарау: Қант өндірісі
БТБА бойынша кәсібі	Қызылша кесуші
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	4

## 2-кесте. Қызылша кесушінің еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Өндірістік цех, зауыт, бункер
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

## 3-кесте. Қызылша кесуші орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

--	--

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Қызылша жоңқасын алу үшін қызылша кескіште қызылшаны кесу
2	Пышақ жақтаулары және құралдар жиынтығын дайындау
3	Қолданыстағы жабдықтардың ақауларын жою, қызылша кескіш пен қозғалтқыш механизмдерін жоспар бойынша алдын ала жөндеуден өткізу

#### 4-кесте. Қызылша кесуші орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Қызылша	Пышақ жақтаулары және құралдар жиынтығы, халат, етік, қалпақ	1-1) Пышақ жақтаулары және құралдар жиынтығын дайындау
2	Қызылша	Қызылша кескіш, халат, етік, қалпақ	2-1) Қызылша кескіште қызылшаны кесу; қызылша кескіш жұмысын бақылау
3	Қызылша	Қызылша кескіш, халат, етік, қалпақ	3-1) Қызылша кескішті жоспар бойынша алдын ала жөндеуден өткізуге қатысу

#### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі қызылша кесушінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Практикалық тапсырмаларды шешу, қызылшаны қызылша кескіште кесудің қол және автоматты режимін реттеу	Қызылша жоңқасын алудың негізгі технологиялық үрдісінің дағдыларын білу	Қызылша жоңқасын алудың негізгі технологиялық үрдісін білу
2-1)	Қызылшаны қызылша кескіште кесу кезінде сапасы мен нәтижесі үшін жауапкершілік	Қызылша кескіштің шарттарына сай құрылым іс-әрекеттерінің түрлерін таңдау	Техникалық қауіпсіздікті және еңбекті қорғау қағидалары

#### 6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі қызылша кесушінің құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Практикалық тапсырмаларды шешу, қызылшаны қызылша кескіште кесудің қол және автоматты режимін реттеу	Қызылша жоңқасын алудың негізгі технологиялық үрдісінің дағдыларын білу	Қызылша жоңқасын алудың негізгі технологиялық үрдісін білу
	Қызылшаны қызылша кескіште кесу кезінде	Қызылша кескіштің шарттарына сай құрылым	

2-1)	сапасы мен нәтижесі үшін жауапкершілік	іс-әрекеттерінің түрлерін таңдау	Техникалық қауіпсіздікті және еңбекті қорғау қағидалары
3-1)	Қызылша кескіш және қозғалтқыш тетіктерін жоспарлы жөндеуден өткізу үшін жауапкершілік	Қызылшаны қызылша кескіште кесу кезінде қарапайым тапсырмаларды орындау үшін практикалық және танымдық дағдыларды пайдалану	Пышақ жақтаулары жиынтығы және оларды қызылша кескішке орнату ережесі, қызылша кескіш және қозғалтқыш тетіктерінің жұмыс істеу принциптері

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 3-қосымшасы

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	7412 Қантты тұндырушы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51-шығарылым, тарау: Қант өндірісі
БТБА бойынша кәсібі	Қантты тұндырушы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	3

## 2-кесте. Қантты тұндырушының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Өндірістік цех, зауыт, бункер
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

## 3-кесте. Қантты тұндырушы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

--	--

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Қант-құмшекер өндірісінде тұндыру дайындау және тұнба дайындау және шақпақ өндірісінен шәрбат дайындау үрдісін жүргізу
2	Шақпақ қант өндірісінде қызылша шырынының, судың, ағындардың тұнба араластырғышына тасымалдануын реттеу
3	Тұнба араластырғышына қанттың, судың, шақпақ өндірісінің ағынды суын тасымалдануын реттеу; қоспаға бөгде заттардың түсіп кетпеуін ескерту

#### 4-кесте. Қантты тұндырушы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Тұнба және шәрбат	Тұнба араластырғыш, халат, қалпақ, етіктер	1-1) Тұндыру процесін жүргізу; тұнба дайындау және шақпақ өндірісінен шәрбат дайындау процесін жүргізу
2	Қызылша шырыны	Аулар және сорғылар, халат, етік, қалпақ	2-1) Шақпақ қант өндірісінде қызылша шырынының, судың, ағындардың тұнба араластырғышына тасымалдануын реттеу, шақпақ араластырғышына, аулар және сорғыларға қызмет көрсету
3	Бос орын тұнбасы	Өлшегіштер, халат, қалпақ, етік	3-1) Бос орын тұнбаларын дайындау және салқындату және оларға өлшегіштерді толтыру

#### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі шақпақ қантты тұндырушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шаралардың сақталуына жеке жауапкершілік, елек, жіп ұстағыш, сұрыптау құрылғылары мен аулардың дұрыс жұмысын және құмшекердің дұрыс түсуін қамтамасыз ету	Санитарлық ережелерді сақтау. Қантты тұндырушының практикалық тапсырмаларын орындауы	Тұнба мен тұндыруды дайындау технологиясын білу
2-1)	Жұмыс нәтижесі мен сапасына жауапкершілік, құрал-жабдық пен бақылау-өлшеуіш аспаптарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, шикізатты техникалық шарттарға сәйкестігін тексере отырып қабылдау және жіберу	Қантты тұндырушының негізгі танымдық және практикалық дағдыларды қолдана білу	Қант-құмшекерді тұндыруға жіберуде құю есебін жүргізудің ережесін білу

#### 6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі шақпақ қантты тұндырушының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Ережелер мен нормалардың, қарапайым қауіпсіздік шаралардың сақталуына жеке жауапкершілік, елек, жіп ұстағыш, сұрыптау құрылғылары мен аулардың дұрыс жұмысын және құмшекердің дұрыс түсуін қамтамасыз ету	Санитарлық ережелерді сақтау. Қантты тұндырушының практикалық тапсырмаларын орындауы	Тұнба мен тұндыруды дайындау технологиясын білу
2-1)	Жұмыс нәтижесі мен сапасына жауапкершілік, құрал-жабдық пен бақылау-өлшеуіш аспаптарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету, шикізатты техникалық шарттарға сәйкестігін тексере отырып қабылдау және жіберу	Қантты тұндырушының негізгі танымдық және практикалық дағдыларды қолдана білу	Қант-құмшекерді тұндыруға жіберуде құю есебін жүргізудің ережесін білу
3-1)	Қантты тұндырушы тапсырмаларын орындау кезінде өзінің денсаулығына және қауіпсіздігіне, сондай-ақ, қоршаған ортаны қорғауға жауап береді	Қантты тұндырушының өндіріс жағдайларында өзін-өзі бақылау дағдыларын көрсету	Еңбекті қорғау және қауіпсіздік ережелерін, қант сапасына қойылатын талаптарды білу

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 4-қосымшасы

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8266 Утфелді қайнату аппаратшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51-шығарылым, тарау: Қант өндірісі
БТБА бойынша кәсібі	Утфелді қайнату аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
2	2
3	4-5
4	6

## 2-кесте. Утфелді қайнату аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	(Өндірістік цех, зауыт, бункер)

Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Қауіпті және зиянды өндірістік факторлардың әсері	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
2	Жалпы, негізгі орта білімнен төмен емес, орта білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (кәсіпорында білімді ұйымдастыру немесе оқыту базасындағы қысқа мерзімді курстар)	Талап етілмейді
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді
4	Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	3-деңгейдегі жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес

### 3-кесте. Утфелді қайнату аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Шакпақ қант өндірісінің немесе құмшекер өндірісінің вакуум-аппараттарында утфелді қайнату бойынша қосымша жұмыстарды орындау
2	Сынамаларды іріктеу, шәрбат пен ағындардың аппаратқа түсу алдында қайнауын бақылау, бақылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін бақылау
3	Қондырғылардың жұмысын тексеру және оларды жөндеу

### 4-кесте. Утфелді қайнату аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Утфель	Мақта-мата халат, резеңке етік, жилет, қолғап, қалпақ	1-1) Утфелді қайнату
2	Утфель	Бақылау-өлшеу аспаптары	2-1) Утфелді қайнату үрдісін бақылау және температура режимін реттеу
3	Утфель	Вакуум-аппарат, бақылау-өлшеу аспаптары	3-1) Қондырғылардың жұмысын тексеру және оларды жөндеу

## 5-кесте. СБШ біліктіліктің 2-деңгейлі utfелді қайнату аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Функционалдық міндет шеңберіндегі жауапкершілік, қажетті қорларды, тракторларға, ауылшаруашылық машиналарына қызмет көрсету кезіндегі және жабдықтар мен машина тетіктерін жөндеу кезіндегі уақытты анықтау және бағалау	Стандартты тапсырмаларды шешу білігі, машина мен жабдықтарды жөндеу барысындағы дағдылар; қарапайым өндірістік жағдайларда өзін-өзі бағалау, дербес шешім қабылдау, өздігінен ұйымдастыру және түзету дағдыларын көрсету	Ауылшаруашылық өндірісінің нақты саласында өздігінен және (немесе) кәсіби дайындық үрдісінде алынған тәжірибеге бағытталған кәсіби білім; қауіпсіздік техникасының ережелері
2-1)	Utfелді қайнату аппаратшысының ережелер мен нормаларды, қарапайым қауіпсіздік шараларын сақтауы үшін және өз денсаулығы үшін жеке жауапкершілігі	Utfелді қайнату аппаратшысының практикалық тапсырмаларды орындауы	Utfелдерді қайнату тәртібі мен технологиясының жалпы түсініктемесі жайлы базалық білімі
3-1)	Санитарлық ережелерді сақтау Вакуум-аппаратының жұмыс кестесі мен жылыту құрылысын сақтау; жабдықтың жағдайы мен ақауларды жоюды бақылау	Utfелді қайнатудың уақытын анықтау, проблема және оның себебін анықтау	Техникалық қауіпсіздік талаптары мен денсаулықты қорғау ережелерін, нормаларын білу. Utfелді қайнатудың технологиялық үрдісін білу

## 6-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі utfелді қайнату аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Utfелді қайнату аппаратшысының жұмыс шарттарына сәйкес нұсқаулық бойынша іс-әрекеттерді таңдау. Санитарлық ережелерді сақтау	Вакуум-аппараттардың жұмысындағы ақауларды табу және жою, оларды жөндеу тәсілдері	Қант өндірісінің технологиялық құрылысы және вакуум-аппаратының, бақылау-өлшеу аспаптарының, қосалқы жабдықтардың құрылысы
2-1)	Басшылықпен еңбек қарым-қатынаста болу және оларға есеп беру. Utfелді қайнату аппаратшысының тапсырмаларын орындау барысында өз	Utfелді қайнату аппаратшысының практикалық өтілі мен біліміне байланысты	Вакуум-аппаратының, utfелді қайнату процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесін және қосалқы жабдықтардың

	денсаулығы мен қоршаған ортаны сақтауына жауапкершілік	белгілі іс-әрекеттің түрін таңдау	кинематикалық сызбасы мен құрылысы
3-1)	Қызылша қант өндірісіндегі үш кристалды сызба бойынша және шикі қантты өңдеу кезінде сыйымдылығы әр түрлі вакуум-аппараттарында екінші және үшінші кристалды утфелдерді қайнату процесі үшін жауапты болады	Утфелді қайнату аппаратшысының жұмыс нәтижелерінің сапа нормаларына сәйкестігін бақылау	Вакуум-аппаратының ақауларын білу және оларды жою тәсілдерін білу

## 7-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі утфелді қайнату аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Утфелді қайнату аппаратшысының жұмыс шарттарына сәйкес нұсқаулық бойынша іс-әрекеттерді таңдау. Санитарлық ережелерді сақтау	Вакуум-аппараттардың жұмысындағы ақауларды табу және жою, оларды жөндеу тәсілдері	Қант өндірісінің технологиялық құрылысы және вакуум-аппаратының, бақылау-өлшеу аспаптарының, қосалқы жабдықтардың құрылысы
2-1)	Басшылықпен еңбек қарым-қатынаста болу және оларға есеп беру. Утфелді қайнату аппаратшысының тапсырмаларын орындау барысында өз денсаулығы мен қоршаған ортаны сақтауына жауапкершілік	Утфелді қайнату аппаратшысының практикалық өтілі мен біліміне байланысты белгілі іс-әрекеттің түрін таңдау	Вакуум-аппаратының, утфелді қайнату процесін басқарудың автоматтандырылған жүйесін және қосалқы жабдықтардың кинематикалық сызбасы мен құрылысы
3-1)	Қызылша қант өндірісіндегі үш кристалды сызба бойынша және шикі қантты өңдеу кезінде сыйымдылығы әр түрлі вакуум-аппараттарында екінші және үшінші кристалды утфелдерді қайнату процесі үшін жауапты болады. Басшылыққа өндірістік мәліметтерді ұсына отырып алдын ала белгіленген критерийлерге сәйкес жұмыс процестерінің нәтижесін бағалау	Утфелді қайнату аппаратшысының жұмыс нәтижелерінің сапа нормаларына сәйкестігін бақылау	Вакуум-аппаратының ақауларын білу және оларды жою тәсілдерін білу

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 5-қосымшасы

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8276 Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51-шығарылым, тарау: Қант өндірісі



БТБА бойынша кәсібі	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-5
4	6

**2-кесте. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар**

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Зауыттар, қант өндірісі кәсіпорындары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Ауыр жұмыс пен зиянды өндірістік факторлардың әсері
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді
4	Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	3-деңгейдегі жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес

**3-кесте. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі**

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Екінші сатурациялық аппаратта диффузионды шырынды сатурациялау үрдісін жүргізу
2	Бакылау-өлшеу аспаптарының көрсеткіштерін және автоматты құрылғыны, шырын температурасын және сатурациялау қазанына түсуін қадағалау
3	Автоматтандырылған процесті басқару жүйелерінің ақауын анықтау және жою; қызмет көрсетілетін электрондық құралдарды реттеу және күйге келтіру

**4-кесте. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы**

--	--	--	--

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Қызылша шырыны	Электрондық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, жилет, резеңке етік, қалпақ	1-1) Автоматтандырылған басқару жүйелерінің жұмысын бақылау
2	Қызылша шырыны	Жилет, мақта-мата халаттар, қалпақ резеңке етік, қолғап	2-1) Қажет болған жағдайда жартылай автоматты және қолмен істеу режиміндегі технологиялық үрдісті жүргізу
3	Қызылша шырыны	Жилет, мақта-мата халаттар, қалпақ резеңке етік, қолғап	3-1) Қызмет көрсетілетін электрондық құралдарды реттеу және күйге келтіру

**5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар**

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының практикалық тапсырмаларды шешуі	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы алға қойылған тапсырмалардың шешімін дербес анықтау	Диффузионды шырынды тазалаудың технологиялық үрдістерінің негізі және екінші сатурациялаудың рөлі және маңызы
2-1)	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының функционалдық міндеттері шеңберіндегі жауапкершілігі. Екінші және бірінші сатурациялық аппаратка сатурациялау газы мен шырынның түсуін реттеу жауапкершілігі	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының құрылымына байланысты тапсырылған іс-әрекеттің түрін таңдау	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындығы білім. Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысына қатысты міндеттерді білу
3-1)	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының жұмыс үрдісін өздігінен басқара білу	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының негізгі танымдық және практикалық дағдыларын қолдана білу	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының жұмыс үрдісі мен құрылымын білу, қызмет көрсетілетін жабдықтың өнімділігінің төмендеуін анықтау және жою тәсілдері

**6-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының құзыреттілігіне қойылатын талаптар**

--	--	--	--

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
2-1)	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының жұмыс үрдісін бағалау, өнімділігі туралы құжаттарды толтыру, оларды басшылыққа ұсыну	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының түрлі практикалық тапсырмаларды шешу	Техникалық қауіпсіздік пен денсаулықты қорғау талаптарының нормалары мен ережелерін білу
2-1)	Жұмысшылардың жұмыстарын басқару және олардың іс-әрекеттері нәтижелерінің жауапкершілігі	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының іс-әрекеттерінің технологиялық жолдарын таңдау	Дефекосатурацияның автоматтандырылған үрдісімен үздіксіз жұмыс істейтін аппараттардың құрылымын білу
3-1)	Басшылықтың алдында диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының жұмыс барысына және нәтижелеріне, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі, гигиена және қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігі	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысының ағымдағы және қорытынды іс-әрекеттерін бағалау және түзету	Диффузионды шырынды дефекосатурациялау аппаратшысы қызмет көрсететін жабдықтарының жұмысында ақауларды анықтау және жою, электротехниканың негіздерін білу

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 6-қосымшасы

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8266 Пультамен басқару операторы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51- шығарылым, тарау: Қант өндірісі
БТБА бойынша кәсібі	Қант өндірісінде пультамен басқару операторы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3-5
4	6

## 2-кесте. Қант өндірісінде пультамен басқару операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	Зауыттар, қант өндірісі кәсіпорындары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес

СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді
4	Жоғары деңгейлі техникалық және кәсіби білім (қосымша кәсіби дайындық), практикалық тәжірибе	3-деңгейдегі жұмыс тәжірибесі 3 жылдан кем емес

### 3-кесте. Қант өндірісінде пультпен басқару операторы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Өндірістің барлық әрекеттес стансаларының үздіксіз және нақты жұмысын қамтамасыз ету барысында дистанциялық автоматтандырылған басқаруға қызмет көрсету
2	Бақылау-өлшеу жүйелері көрсеткіштерін және қосымша өлшеу кешендерін пайдаланумен қант параметрлерін физикалық және сапалық сұраныстарын алуды қамтамасыз ету
3	Қант өндірісінің барлық учаскелерінің жұмыстарын үйлестіру және технологиялық процестердің барлық кезеңдеріне басшылық; қант шығуын, шикізаттың және материалдардың нормаларының шығынын бақылау

### 4-кесте. Қант өндірісінде пультпен басқару операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Қант	Басқарудың бас пульті, жилет, мақта-мата халаттар, қалпақ, резеңке етік, қолғап	1-1) Қант шығуын, шикізаттың және материалдардың нормаларының шығынын бақылау
2	Қант	Басқарудың бас пульті, жилет, мақта-мата халаттар, қалпақ резеңке етік, қолғап	2-1) Командалық-бағдарламалау панелдерін басқару
3	Қант	Басқарудың бас пульті, жилет, мақта-мата халаттар, қалпақ резеңке етік, қолғап, командалық-бағдарламалау панель	3-1) Аспаптардың көрсеткіштерін бақылау

### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі қант өндірісінде пультпен басқару операторының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

--	--	--	--

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Пультпен басқару операторының жұмыс үрдісін жоспарлау, орындау іс-әрекеттерін түсіну	Пультпен басқару операторының практикалық тапсырмаларды шеше білуі	Денсаулықты қорғау және техникалық қауіпсіздік талаптарының ережелері мен нормаларын білу
2-1)	Қант кальцийін алушы аппаратшысының тапсырмаларды орындау ережелер мен нормаларын, қарапайым қауіпсіздік шаралар мен өз денсаулығының сақталуына жеке жауапкершілігі	Санитарлық ережелерді сақтау. Қант кальцийін алушы аппаратшысының практикалық тапсырмаларын шешу	Жұмыс орнында алынған қант кальцийін алушы аппаратшысының денсаулықты қорғау және қауіпсіздігі ережелері мен нормаларын білу
3-1)	Өздігінен ұйымдасу және тұрақты өздігінен білім алу	Қант кальцийін алушы аппаратшысының шектеулі базалық дағдылар көлемін қолдануы	Еңбекті қорғау және қауіпсіздігі саласындағы білім. Қант кальцийін алушы аппаратшысының тапсырмалардағы міндеттерін білу

## 6-кесте. СБШ біліктіліктің 4-деңгейлі қант өндірісінде пультпен басқару операторының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының жұмыс үрдісін алдын ала айтылған сындарға сәйкес бағалау	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының іс-әрекеттерінің технологиялық жолдарын таңдау	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының барысында пультпен басқару операторының жұмыстарын жүзеге асыру білімі
2-1)	Жұмысшылардың жұмыстарын басқару және олардың іс-әрекеттері нәтижелерінің жауапкершілігі	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының әр түрлі практикалық тапсырмаларды шешуі	Пультпен басқару аппаратының құрылымын білу
3-1)	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының жұмыс барысына және нәтижелеріне, денсаулықты қорғау және еңбек қауіпсіздігі, гигиена және қоршаған ортаны қорғау жауапкершілігі	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының ағымдағы және қорытынды іс-әрекеттерін бағалау және түзету	Қант өндірісінде пультпен басқару операторының қызмет көрсету жабдықтарының жұмысында ақауларды анықтау және жою, электротехниканың негіздерін білу

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 7-қосымшасы

## 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8276 Ионитті қондырғылар операторы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51-шығарылым, тарау: Қант өндірісі
БТБА бойынша кәсібі	Ионитті қондырғылар операторы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	4

## 2-кесте. Ионитті қондырғылар операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)		Зауыттар, қант өндірісі кәсіпорындары
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары		Жоқ
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары		Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

## 3-кесте. Ионитті қондырғылар операторы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Қант-құмшекер және шақпақ өндірісі ионды реакторында шәрбат және ағындарды екінші сатурациялау, диффузионды шырынды ионды тазалау процесін жүргізу
2	Шырынның, шәрбаттың және ағындардың реакторын беруді, олардың түссіздену және тазалау деңгейін, түссіздену процесінің аяқталуын бақылау
3	Бақылау-өлшеу аспаптары көрсеткіштері және пайдалану автоматикасы бойынша температура режимін қадағалау және реттеу; реакторды жуу және жуылған суды мақсаттылығына қарау бағыттау; иониттерді регенерациялау және оларды тұзбен және қышқылдар қолданумен жуу

## 4-кесте. Ионитті қондырғылар операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
----------------------------	---------------	-----------------	---------------------------------

1	Қант шәрбаты	Ионитті құрылғылар фильтрі, қалпақ, электрондық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, резеңке етік, жилет	1-1) Ионды-фильтрленген шәрбат алу
2	Қант шәрбаты	Ионитті құрылғылар фильтрі, қалпақ, электрондық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, резеңке етік, жилет	2-1) рН өзгеруі бойынша иониттің таусылуын бақылау
3	Қант шәрбаты	Ионитті құрылғылар фильтрі, қалпақ, электрондық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, резеңке етік, жилет	3-1) Реактордың, құралдардың, бақылау-өлшеу аспаптары және автоматиканың жағдайын тексеру

### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі ионитті қондырғылар операторының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Ионитті қондырғылар операторының практикалық тапсырмаларды шешуі	Ионитті қондырғылар операторының үрдісінің технологиялық негіздерінің дағдыларын білу	Ионитті тазалау үрдісінің технологиялық негіздерін білу
2-1)	Ионитті қондырғылар операторының тапсырма барысында жұмыс сапасы мен нәтижесіне жауапкершілігі	Жұмыс барысын жоспармен нақтылап салыстырады, жұмыс нәтижесінің ионитті қондырғылар операторының сапа нормаларына сәйкестігін салыстырады	Қызмет көрсетілетін автоматика мен қолданыстағы бақылау-өлшеу аспаптарының жұмыс істеу принципі мен мақсатын білу
3-1)	Ионитті қондырғылар операторының жұмыс жағдайының шарттарына сәйкес құрылымның іс-әрекет түрлерін анықтау	Ионитті қондырғылар операторының үрдісінің технологиялық негіздерінің дағдыларын білу	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы білім. Май ионитін регенерациялау әдістерін білу

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 8-қосымшасы

### 1-кесте. Қолданыстағы нормативтік құжаттармен байланысы

Қазақстан Республикасы мемлекеттік кәсіптер жіктеуіші (МКЖ)	
Базалық топ	8276 Сынама іріктеу қондырғыларының операторы
Қазақстан Республикасы жұмысшылар кәсіптері мен жұмыстарының бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтағышы (БТБА)	
Шығарылым, БТБА тарауы	51-шығарылым, тарау: Қант өндірісі
БТБА бойынша кәсібі	Сынама іріктеу қондырғыларының операторы
СБШ біліктілік деңгейі	БТБА бойынша разрядтар
3	3

## 2-кесте. Сынама іріктеу қондырғыларының операторының еңбек шарттарына, біліміне және жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар

Кәсібі бойынша мүмкін жұмыс орындары (кәсіпорын, ұйым)	(Зауыттар, қант өндірісі кәсіпорындары)	
Зиянды және қауіпті еңбек жағдайлары	Жоқ	
Жұмысқа жіберудің ерекше шарттары	Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес	
СБШ біліктілік деңгейі	Кәсіптік білім беру және оқыту деңгейі	Қажетті еңбек тәжірибесі
3	Практикалық тәжірибесіз негізгі орта білім базасында жалпы орта білімі немесе техникалық және кәсіби білімі болған жағдайда практикалық тәжірибе және/немесе кәсіби дайындық (бір жылға дейін кәсіби дайындықты ұйымдастыру базасындағы курстар немесе кәсіпорында оқыту)	Талап етілмейді

## 3-кесте. Сынама іріктеу қондырғыларының операторы орындайтын еңбек функцияларын анықтайтын КС бірліктерінің тізбесі

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек функциясының атауы (кәсіби стандарттың бірлігі)
1	Шын мәнінде ластығын анықтау үшін автомашиналардан және теміржол вагондарынан механикалық тәсілмен қызылшаларды іріктеу
2	Сынама іріктеу қондырғылары негізгі және көмекші механизмдеріне қызмет көрсету
3	Сынама іріктеу үшін қызылшамен автомашиналардың және теміржол вагондардың бұрыстығын бақылау

## 4-кесте. Сынама іріктеу қондырғыларының операторы орындайтын КС бірліктерінің сипаттамасы

Еңбек функцияларының шифры	Еңбек заттары	Еңбек құралдары	Міндеттер (еңбек іс-әрекеттері)
1	Қызылша	Сынама іріктеу қондырғылары, автоматтандырылған басқару жүйесі, электрондық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, резеңке етік, жилет, қалпақ	1-1) Сапалы қызылшаны іріктеу
		Сынама іріктеу қондырғылары, автоматтандырылған басқару жүйесі, электрондық	2-1) Сынама іріктеу қондырғыларының



2	Қызылша	құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, резеңке етік, жилет, қалпақ	үздіксіз жұмысын қамтамасыз ету
3	Қызылша	Сынама іріктеу қондырғылары, автоматтандырылған басқару жүйесі, электрондық құралдар, бақылау-өлшеу аспаптары, қолғап, мақта-мата халаттар, резеңке етік, жилет, қалпақ	3-1) Қызмет көрсетілетін сынама іріктеу қондырғылары жұмыстарының ақауын жою

### 5-кесте. СБШ біліктіліктің 3-деңгейлі сынама іріктеу қондырғыларының операторының құзыреттілігіне қойылатын талаптар

Міндеттер шифры	Тұлғалық және кәсіптік құзыреттіліктер	Біліктер мен дағдылар	Білімдер
1-1)	Сынама іріктеу қондырғыларының операторының практикалық тапсырмаларды шешуі	Сынама іріктеу қондырғыларының операторының практикалық тапсырмаларды орындауы	Жұмыс орнында алынған сынама іріктеу қондырғыларының операторының білімі
2-1)	Командамен жұмыс істеуге бейімділік	Сынама іріктеу қондырғыларының операторының базалық дағдыларын қолдана алу	Қауіпсіздік және еңбекті қорғау саласындағы білім. Сынама іріктеу қондырғыларының операторының міндеттердің білу
3-1)	Сынама іріктеу қондырғыларының операторының практикалық тапсырмаларды орындауы	Сынама іріктеу қондырғыларының операторының дербес шешім қабылдауы	Сынама іріктеу қондырғыларының операторының тапсырмаларға қатысты міндеттерін білу

Қант өндіру бойынша қызметтегі кәсіби стандартының 9-қосымшасы

### Келісу парағы

Ұйымның атауы
Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Осы КС тіркелді \_\_\_\_\_

Кәсіби стандарттар Реестріне енгізілді, тіркеу № \_\_\_\_\_

Хат (хаттама) № \_\_\_\_\_ Күні \_\_\_\_\_